

Е.Е.Түйте

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: eldos\_t\_e@mail.ru)

## Паралингвистикалық амалдардың коммуникативтік қызметі

Ым-ишара бұл тән қозғалысы емес, жан қозғалысы.  
Ф.И.Шаляпин

Коммуникацияны жүзеге асыруда тілдік емес амалдардың да қызметі зор. Олардың тілдік коммуникацияда қызметі сан алуан. Мақалада осындай паратілдік амалдардың көрінісі, түрлері, олардың қарым-қатынас үдерісіндегі қызметі қарастырылды. Паралингвистиканың ғылым ретінде қалыптасуы, паратілдік амалдарды зерттеуге қатысты алғашқы еңбектер сөз болады. Паратілдік амалдардың көрінісі автормен көркем шығарма мысалдары негізінде түсіндірілді.

*Кілт сөздер:* коммуникация, паралингвистика, тілдік қатынас, тілсіз қатынас, ым-ишара, кинесика, фейсбилдинг, фонация, экстранормалық фонетика.

Қарым-қатынас, немесе тілдік коммуникация, адамзат баласының ұжым болып, белгілі бір қоғамдық негізде өмір сүру кезеңінен бастап дамып келе жатыр. Адамдар күнделікті өмірде тек тіл арқылы, яғни сөздермен ғана, қарым-қатынас жасамайды, «сезім тілімен» де-тілдік емес амал-тәсілдерді де жиі қолданады. Қарым-қатынас үдерісінде сөйлеу ғана басты орынға ие болады, ал ым-ишара, қимыл, қозғалыс басқа, яғни коммуникативтік қызметі жоқ, деп ойлау қате болар еді. Бұл екеуі де — адамның ішкі дүниесін, ойлауды жарыққа шығарып, түсінікті етіп жеткізудің басты құралы. Адам баласы кез келген хабарды көру және есту мүшелері арқылы қабылдайды. Егер көру жағдайы есту жағдайынан күштірек болса, онда осы жерден адамның сөйлеу әрекетімен қоса, ым-ишараның да ақпаратты жеткізудегі басты құрал екеніне көз жеткізе аламыз.

Әңгімелесушінің қимылына, қозғалысына, ым-ишарасына қарап отырып, оның не жайында айтқысы келгендігін және не ойлағандығын оңай түсіне аламыз. Тілдік коммуникацияны жүзеге асыруда тек қана тілдік емес, тілсіз қатынастың да маңызы ерекше. «Тілсіз қатынас пен оның түрлері қоғамда да, өмірде де өзіндік орын алады. Бұлар адамдардың қарым-қатынасына қызмет ете келе, түсінісудің қарапайым жолы болып табылады» [1].

Осындай тілдік емес амал-тәсілдерді қарастыратын ілімді паралингвистика деп атаймыз. Паралингвистика дегеніміз: 1) хабарланатын ойдың, пікірдің вербалды (сөзбен берілу) тәсілдерімен қоса сөйлеу үстінде қолданылатын вербалды емес (тілден тысқары) амалдармен берілуін зерттейтін тіл білімінің саласы; 2) сөйлеу кезінде қолданылатын вербалды емес тәсілдердің жиынтығы [2]. Паралингвистикалық амалдар — тіл жүйесіне жатпайды және тіл бірліктері де болып табылмайды, олар тек сөйлеу әрекетімен қоса жүріп отыратын, ақпаратты толық жеткізудің басты құралы.

Паралингвистикаға қатысты паратіл, кинесика, фейсбилдинг, фонация сынды терминдерді білген дұрыс.

Паратіл (грек. *para* — жанында, сыртында) — сөйлеумен қоса жүретін, бірақ вербалдық емес, дауыс қаттылығы, кідіріс (пауза), дауыс модуляциясы, ым-ишара, қимыл, сөйлесушілер арасындағы көру қатынасы және т.с.с. паралингвистика қарастыратын ұғым [3]. Мысалы:

*Бархан жаңа ғана ұрттай берген, шай құйылған кесені асығыс қоя салды да, күпәйкесінің сыңар жеңін ғана киіп, есіктен ата жөнелді. Әйелінің: «И-и, бейшара-ай, өстіп жүріп өлесің-ау», — деп күрсінгенін, көзіне жас алғанын естіген де, көргенде жоқ. Упр баяғы орнында жатыр екен. Жүзі сынық. Барханның сәлемін ернінің ұшымен алды да, күреңіткен қалпы бір нүктеге қадала, көп ойланып барып:*

*— Да-а... — деді даусын соза. — Понимаешь, беда деген аяқ астынан. Бұлай боларын кім білген, үш ұйықтаса ойымызда бар ма тәйірі. Да-а... жиырма бес қой, тфу, безобразие, иштей-жемей... (О.Бөкей. Құм мінезі).* Бұл жердегі Барханның жылдам қимылы, әйелінің жан ашуы, Упрдың (Әлікұл) немқұрайлы амандасуы, дауысының созылыңқылығы сияқты әрекеттер ақпаратты толық беруге негіз болып тұр. Образдың ішкі жан дүниесі осы тілдік емес амалдар арқылы көрінеді.

Паратіл (Вердербер бойынша) — «вербалдық емес дауыс белгісі, сөйлеуді әрлейтін — тональділік, дауыс қарқындылығы, сөйлеу ырғағы, кідіріс (пауза) және дем алу (шығару) сияқты

мәліметті, ақпаратты толықтырып тұратын ұғым болып саналады. Паратіл не айтылғанға емес, қалай айтылғанға байланысты болады. Мысалы:

*Барханның көзіне қан толып, басы айналғандай болды, енді-енді құлап кетердей буынын зорға бекітті де:*

– *Онда... күнәсіз сәбиде әкеңнің құны қалып па еді! — деп айғай салды.*

– *Отағасы десе, немене даланың аңын да қызғандыңыз ба? Керек десеңіз облыстық табиғат қорғау қоғамының мүшесімін...*

– *Ой, сенің... соқырлар қоғамының, похорон бюроның мүшесі шығарсың, бәлкім, сенен ол да шығады. Тұрған жеріңде атып тастайын ба осы, әбден жүйкелетіп біттің. — Ұмтыла берді. Ал дегенде жасқанып қалған Сейтқұл ілезде күшіне қайта мінді.*

– *Дауыс көтермеңіз, отағасы. Заң кімнің жағында екенін ойлаңыз.*

– *Менің өз заңым бар. Оған ешкім қол сұға алмайды. — Бархан шәнтііп тұрған Сейтқұлдың жағасынан ала түсті де, омырауындағы наградаларды бытырлатып, жұлып-жұлып алды.*

– *Әкеңнің аузын ұрайын. «Өз асыраған күшігім өз басыма қарғыды» деген осы. Быртып алып ішің толған сасық құлық пен сұмдық. Қайтер екен, жас қой, ақыл кірер ме екен десе, қайтеді, әкемнің шоты шапқан сайын дамып... Міне, мына медаль да, мына орден де бәрі-бәрі менікі. Мына маған тиесілі сый-құрмет! Сен ұрлап алдың, саған тартып әперді анау Упр ағаң. Енді мен сенен тартып аламын оны. Бар, баратын жеріңе! — қарсыласып қолына жармаса берген Сейтқұлды шықшытттан бір періп құлатты да «Москвичтің» доңғалағын бір теуіп жүре берді (О.Бөкей. Құм мінезі). Бұл жерде оқиғаның қалай өрбігендігі емес, паратіл үшін негізгі нысан — кейіпкерлердің қимыл-қозғалысы, сөйлеу әрекеті, дауыс қызметі.*

Паратілдің аз қолданылатын түрі үнсіздік, немесе үнсіз қалу, болып табылады. Үнсіздік арқылы адамдар бір-біріне деген сенімсіздікті, жауласуды, қаталдықты, сонымен қатар құрмет пен жақсылық, ұялу сияқты қатысымық әрекетті де біледі. Мысалы:

– *Ұрқияш, бері келші, — деп, ... Не көрсек те, енді жазу біреу, көрдік, көндік. Солай емес пе, қалқам! Басымды ажалға тіктім! Қолымнан беріп, қонышымнан басып тіршілік етер енді менде хал жоқ... Қалған өмірім сенімен ғана өтпек.*

*Ұрқия да көзі мөлдiреп, Ақанға қарап оның сөзін құптағандай жымыып күлді (С.Жүнісов. Ақан сері).* Бұл жерде Ұрқияның үнсіз жымыып күлу әрекетінен «иә» деген келісімді аңғаруға болады.

Кинесика (грек. *kinesis* — қозғалыс) — дененің қозғалысы, адамдар арасында сөйлесу кезінде қолданылатын (сөйлеу аппаратының қозғалысынан бөлек) амал-тәсіл. Мысалы:

*Ал намаз уақыты болып қалыпты. Ендігі әділ билік Сүрекеңде, — деп орнынан тұра берген Нұртаза інілеріне «бері жүріңдер» деген белгі беріп, үшеуі жұрттан бұрын тысқа шығып кетті (С.Жүнісов. Ақан сері).* Бұл жерде «бері жүріңдер» деген белгі — «қол бұлғау, бас изеу» қимылы арқылы беріліп тұр.

Фейсбилдинг (ағылш. *face* — түр, бет-әлпет, *building* — құру, жасау) — екі адам арасындағы сөйлесуде қолданылатын бет-әлпет қимылының техникасы мен әдісістемесін меңгертеді. Мұны қуаныш, ашу, таң қалу, қорқыныш, жеккөру және т.б. психикалық жай-күйлерден көруге болады. Мұнда басты назар адамдар көздеріне, бет-қимылына аударылады. Көздеріне, бет-қимылына қарап отырып, қарым-қатынасты әрі қарай өрбітуге болатыны, болмайтыны белгілі болады. Фейсбилдингпен әртістер, педагогтар, әкімдер, тележүргізушілер және т.б. айналысады. Бұл арнайы паралингвистикада зерттелінеді.

Фонация (грек. *phone* — дауыс, дыбыс) — сөйлеу дыбысының құрылуының физикалық үдерісі, естумен түсінілетін, дыбыс мүшелерінің белсенді үндестігі, дауыс құрылымын жабдықтаушы (артикуляциялық аспект) және дыбыстың акустикалық үндестігі. Дыбыстың жасалуы және қабылдануы кері байланыс әсерімен ерекшеленіледі: белгілі бір қарым-қатынас жағдайында дыбыс жасалуы кезінде баяншының белсенділігі үлкен рөл атқарады, ал дыбысты қабылдау кезінде ақпарат тыңдаушының есту (көру) мүмкіндіктері арқылы өздігімен толықтырылады (саралау, сараптау арқылы).

Паралингвистика ғылыми тұрғыдан XX ғасырдың 60-жылдарында дами бастады. Бұл тіл білімінің тілді тек құрылымдық-жүйелік жақтан қарап қоймай, басқа да қырларын зерттеу қажеттігінен туындады. «Паралингвистика» ұғымын американдық лингвист А.Хилл 1940-жылдардың аяғында енгізді, алайда Н.В.Юшманова 1930-жылдардың өзінде-ақ бұл ұғым жайында айтып өткен болатын. Бұған ғалымның «Экстранормальная фонетика» еңбегі дәлел бола алады.

Экстранормалық фонетика (лат. *extra* — жоғары, сырттай) — фонетиканың бөлімі, қарым-қатынасты жүзеге асыратын қалыпты емес сөйлеу жағдайындағы дыбыстың ерекше жасалуын зерттейді. Бұған одағайларда кездесетін ерекше дыбыс үндестігі (*ahh*), жануарларға бұйрық беру (*киш, шу*), жануарларды шақыратын дыбыстар (*кә-кә, әукім-әукім*) немесе балалардың жүйесіз сөйлеуі, былдыры, сонымен қатар жылдам әрі мағынасыз сөйлеу де жатады.

Экстранормалық фонетиканың элементтері көркем шығарма тілінде де экспрессивті-көркемдеуіш құрал ретінде қолданылуы мүмкін, мысалы, құстардың ән айтуын сипаттау кезінде т.с.с.

Қазіргі кезде паралингвистика — қолданбалы ғылым. Оны Оксфорд қаласында шешендік шеберлік курсы үшін оқытады, сонымен қатар әр түрлі психологиялық тренингтер кезінде де қолданады.

Паралингвистикалық тәсілдердің 3 түрі бар:

– фонациялық — ырғақ, тембр, дауыс қаттылығы, кідіріс орнына жұмсалатын дыбыстар (мысалы, *e-e, m-m*), сөйлеу мәнері, жергілікті, әлеуметтік немесе идиолекттілі дыбыстардың жасалуының ерекшеліктері;

– кинетикалық — дене қимылы, сөйлеушінің бет-әлпетінің қозғалысы;

– графикалық — жазу (почерк) ерекшелігі, әріптер мен тыныс белгілері қолтаңбасының түрлері, әріп таңбасын айырбастайтын қосымша символдық белгілер (&, §) және т.б. [2].

Тілдік амалдарға қарағанда, тілдік емес амалдар күтпеген жағдайлардан орын алуы мүмкін және қарым-қатынас үдерісінде нақты қандай түрде қатынасатындығын алдын ала білу қиын. Алайда екеуі де ақпаратты жеткізудің (хабарды білдірудің) басты құралы болып табылады. Паралингвистикалық амалдарды біз қолданғанда алдын ала жоспарламаймыз, олар күтпеген жағдайлардан орын алуы мүмкін. Мәселен, сіз кездесуді жоспарлап, оның ойдағыдай өтетініне сенімділік танытып қойсаңыз, шындығында, бұл сіз ойлағандай болмауы мүмкін. Осы жағдайдан түрлі паралингвистикалық амалдарды көруге болады.

Біз дауысымызды қарым-қатынас жағдайында өзгерткен жағдайда хабарламамызды толықтырып, сөйлеу мәнерімізге әсер береміз, сөздердің екімағыналылығын (екіұшты) ерекшелейміз.

Осыған қатысты дауыс сипаттамасының мынандай түрлері болады.

1. Дауыс жоғарлығы (высота голоса) — бұл оның үні. Дауыс жоғарлығы оның қаттылығымен бірге өзгереді. Адамдар ашу үстінде дауыстарын көтереді, ал сабырлы тұрған кезінде, керісінше, ақырын сөйлейді.

2. Дауыс қаттылығы (громкость голоса). Адамдардың сөздерді қатты немесе жай айтуына байланысты болады. Кей адамдар қатты сөйлейді, ал екінші біреулері, керісінше, жай сөйлейді. Сонымен қатар дауыс қаттылығы жағдаятқа және әңгімелесу баянына қарай өзгереді.

3. Ырғақ (темп) — бұл адамның сөйлеуінің жылдамдығы. Адамдар көп жағдайда, әсіресе олар бақытты болғанда, шошынғанда, қобалжығанда, толқығанда жиі жылдам сөйлейді, керісінше, белгілі бір мәселенің шешімін баяндағанда немесе басқа бір тақырыпқа ауытқығанда жайырақ сөйлейді.

4. Дауыс тембрі (тембр голоса) — ол оның айтылуы. Әр адам дауысы өзіндік тембрге ие. Дауыстар салдырлаған, сыңғырлаған және қарлыққан болуы мүмкін. Бұдан бөлек, дауыс тембрі көңіл-күйге байланысты да өзгереді. Кейде біздің вокалдық мәнеріміз (вокальные привычки), адамдардың бізді дұрыс түсінбеуіне әкеліп соқтырады. Мысалы, адам ашу үстіндегі тембрге ие болып, басқаларын жалған нәрселермен сендіруі мүмкін, алайда шындығында олай емес. Бұл жағдай тек жекелеген адамдардың өз мүддесі үшін жасалған әрекеті болып саналады.

Қарым-қатынас жағдайында вокалдық кедергілерге ерекше көңіл бөлген жөн (вокализаторлар, кідірісті толықтырғыштар). Көп жағдайда адамдар вокалдық кедергілерді жиі қолданады. Вокалдық кедергілер — сөйлеу мәнерін бұзатын артық дыбыстар немесе сөздер. Бұл кедергілер артық саналып, өзіне назар аудартып, тыңдаушыларға айтылған хабарламаның мәнін түсінуге кедергі жасайды. Күнделікті өмірде біздің сөйлеу мәнерімізде көптеп кездесетін мынадай кедергілер бар: *e-e-e, m-m-m, жаңағы және түсінесіз бе?, деген секілді* т.б. Бұл кедергілер айтушының (баяншының) сөз болып отырған мәселесін толыққанды түсінбегендігінен, білмегендігінен т.с.с. жағдайларынан туындайды. Вокалдық кедергілер осындай жағдайлардың «орнын басатын сөйлем» ретінде, сөйлем арасында паузаны толықтыру негізінде, үнсіздікті жою үшін қолданылады, яғни өзімізге қажетті деген «сөзімізді» іздеу үшін немесе ойымызды аяқтамаған жағдайда, әрі қарай толықтыру мақсатында қолданамыз. Алайда бұл жағдайлардан кейін тыңдаушы тарап біздің сөзімізді бөлуі мүмкін (кей адамдар басқалардың сөздерін бөлуі мүмкін, кідіріс көп болса). Дегенмен біз бұндай дыбыстарды, яки сөздерді, жиі қолдана берсек, не айтқымыз келгенді білмей немесе өзімізге деген тыңдаушы

тараптан сенімсіздікті тудырып аламыз. Бұл әдет кейіннен қолданушыға кері әсерін тигізуі әбден мүмкін.

Паралингвистикалық амалдар мынадай қызмет атқарады:

– қосымша ақпарат беру (жағдайға байланысты бас изеп қолдау\қолдамау, фонациондық сипаттамалар арқылы баға беру т.б.);

– вербалды элементтің орнына қолданылады (мысалы, басын шайқау немесе тандайын қағу арқылы жағымсыз ым-ишараны білдіру);

– ортақ мағынаны білдіру мақсатында вербалды әдістермен қатар қолданылады (мысалы, «Маған анау кітапты әперіп жіберіңізші» деген сөйлемді сілтеу ишарасы арқылы қол сілтеп көрсетуге болады. Көзге көрініп тұрған болса, бұл жерде кітаптың авторын немесе атауын айтып жатудың қажеті жоқ [4].

Паралингвистикалық амалдар хабарлаушы (немесе жазушы) жайында ақпарат беруі мүмкін, яғни оның әлеуметтік, жыныстық, жастық белгілерін, мінез ерекшеліктерін, сонымен қатар этнолингвистикалық құрамын анықтайды.

Паратілдік көріністер біздің қоғамымызда түрлі жағдайлардан көрінеді. Мәселен, адамдардың сәлемдесуінің өзінен бірнеше ерекшеліктерді де байқауға болады. Бүгінде ер адамдармен қатар әйел адамдардың да қол беріп сәлемдесуі дағдыға айналған. Әйел адамдардың ер адамдармен қатар деңгейде қол беріп амандасуы олардың қоғамдағы лауазымды дәрежесіне байланысты екендігін білдіреді. Бұдан бөлек, Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде Шымкенттен әйел адамдардың қол беріп амандасуын жиі байқадым.

Басқа ұлттарда, мысалы, шешендер, тәжіктерде қазіргі таңға дейін қарама-қарсы жыныс өкілдерінің қол беріп амандасуына тыйым салынған. Еуропалық біраз мемлекеттерде қол беріп сәлемдесу қолданылмайды, олар вербалдық компоненттегі сәлемдесуді қолданғанды жөн санайды. Қол берусіз амандасу түрі бізде жақын таныс емес адамдар немесе мүлдем таныс емес ер адамдарға амандасқан кезде, сонымен қатар еңбек ұжымына қолайлы кезде, отбасында және т.б. жағдайларда орын алады. Бұл дегеніміз барлық келтірілген жағдайларда сөйлеусіз амандасу болмайды деген емес. Алыстағы адамдар басын изеп амандасады, салт аттыларда да сәлемдесу ерекшеленеді, олар ат ертұрманынан сәл көтерілу арқылы, бір-біріне қарап, оң жұдырығын кеуде тұсына қойып амандасады.

Паралингвистикалық амалдар арқылы көптеген көңіл-күйді білдіруге болады. Мысалы, сағыныштан көптен күткен адамды құшақтауға оқталсаңыз, дене артқа жылжып, қолдар жан-жаққа ашылады, көздеріңіз жайнайды, езуіңізге күлкі үйріліп, көзіңізге жас та келуі мүмкін; асықпай, жылы тембрмен «Қымбаттым!» немесе «Жаным!» т.с.с. жылы сөздерді айтасыз. Ал, керісінше болған жағдайда қолдар жылдам, тез жиналып, дауысыңыз қатқыл шығады, сөйлем жағымсыздықпен айтылады: «Қымбаттым!». Жағымсыз көңіл-күйді дауыссыз дыбыстар екі еселенді. Мағынасын ұғып көріңіз: «Мен сені дәл осылай істейді деп ойламап едім!».

Қарым-қатынас үдерісінде паратілдік амалдар біздің айтайын деген ойымызды алдын ала білдіріп, сөйлеу әрекетіне дайындайды. Мысалы, ең алдымен көз, қолдар, дене қимылдайды, содан кейін барып, сөйлем пайда болады. Өмірдің қозғалыс заңына сәйкес, қимылымыз бізді сөйлеуге алдын ала дайындайды. Алдымен сұхбаттасушыға қарай басымыз бұрылады, содан кейін ғана сіз оған сұрақ немесе өтінішіңізді білдіре аласыз. Мысалы:

– *Қияс сөйлемеген Ұржанды аузына алды ғой, көке, — деп Әнапия қаймыға тұрып сөз қосып еді, Нұртаза арс етті:*

– *Сен немді түсіндің. Ей, сорлы неме, қатыннан да сөзден де жұрдай мақрұм қаларсың-ау! — деп зекіген Нұртаза, енді Сүлейменге бұрылды.*

– *Мақан ежелгі құйтырқы қу түлкі емес пе... Енді, сөзді тым ушықтырмай алас-күлес бітіріп, Қорамсадан кек алудың тәсілін ойлау керек» (С.Жүнісов. Ақан сері).*

Алайда мимика, пантомимикасыз айтатын сөйлемдік жағдаяттар бар (мысалы, белгілі бір қажетті жұмыстан бас алмай диалог құруымызға болады). Бұл кезде де іске паратіл — интонация қосылады. Себебі паратіл екі түрге бөлінеді: кинесика және фонация.

Ым-ишара, іс-қимыл, дауыс арқылы адамның сезімдік дүниесіне тереңінен үңіліп, білуімізге болады. Мысалы:

– *Балым, масқара-а, таң атып қалыпты. Не қара басып білмегенбіз, — деп күбірледі.*

*Балхадиаша күлімсіреп, жай ғана қарады да, ләм демеді. Жеңгесі тықырши бастады. Балхадиашамен сөйлесіп отырып, анда-санда көз қиығын тастаған Ақан мұны сезіп қалды.*

– Балым, айналайын, біраз отырдық қой, ендігәрі үйден шығармай қояды, кетейікші, — деп сары келіншек жалынып, қыңқылдай берді. Бағанадан бері үйіндегі күйеуін де ұмытып, есі шыққан әйелдің ендігі түрі адам аяғандай. Тағы да біраз қыңқылдап, онысымен ештеңе өнбеген соң, қорқытуға көшті.

*Ал сен кетпесең мен кетемін, жауабын өзің берерсің.*

– Бара бер, мен кейін... Қасқыр жемес, — деп Балхадиша зілмен жеңге бетін қайырып тастады.

– Құдай-ай, енді қайтейін, таяқ жейтін болдым-ау, — деп кемсеңдеген әйелдің көзі есік жақтағы тура өзі секілді бір келіншекке түскенде мүлдем зәресі ұшып кетті. Ана әйел де ернін жымқыра тістеп, бір жұдырығымен екінші жұдырығын түйміштейді. Онысы «тұра-тұр бәлем, үйіңе барған соң байыңнан сыбағаңды аларсың» дегені болар. Ол да Балхадишаның екінші үлкен жеңгесі еді» (С.Жүнісов. Ақан сері).

Кез келген қимылдың ажырамас екі түрлі жағы болады — психикалық және физикалық. Бұл екі түрлілік іс-қимыл құрылымы, бір жағынан, қимыл «заттай-техникалық» шешімге бағытталса (мысалы, үстел үстінен кітапты алу), ал, екінші жағынан, қимыл осы іске, затқа, қоршаған ортаға екінші бір адамның қатысын білдіреді (жолдасыңды оятып алмай үстел үстінен кітапты алу). Демек, тұрмыстағы қолданыста кітапты алу еркіндікті білдірсе, ал байқап алу сезімді анықтайды. Міне, осы қимылдың мағыналық құрылымы, позициондық тон, қарым-қатынасты білдіреді.

Қорыта келгенде, қарым-қатынас үдерісіндегі паралингвистикалық амалдардың екі түрлі ерекшелігі бар. Бір жағынан, олар сөйлемдерді үнемдеуге көмектеседі. Біз, мысалы, сатушыға қарап «анау кітапты (кез келген затты) көрсетіп жіберіңізі», — дей саламыз. Бұл жерде оны толық сипаттаудың қажеті жоқ және артық сөз қолданбаймыз. Екінші жағынан, олар сөзбен айтылмағанды, мәтінастын жасырып, сөйлем көп мағыналылығын, оның стилистикалық бейнеленуін, сезім, қатынас және т.б. толықтырады. Мәселен, «Білесіз бе?!» деген сөйлем мағынасын интонация, ым-ишара, қозғалыссыз түсіну қиынға соғады.

Паратілдік амалдар арқылы адамдардың қарым-қатынасын, бір нәрсені ұнату-ұнатпауын, жақсы көру, жеккөру т.б. сынды қасиеттерін білуге болады. Мәселен, дәрісханада студенттерге оқытушы дәріс оқыған жағдайда оқытушы үнемі студенттердің тақырыпты қалай тыңдап отырғандығына назар аударып отыруы тиіс. Мұндай жағдайлар көбіне тақырып қызықтырмаған жағдайдан туындауы мүмкін. Соған сай ол аудиторияны көз қиығымен, бар жан-тәнімен ұға бақылап отырғаны дұрыс. Мұндай әрекет оқытушының педагогикалық шеберлігін аңғартады. Бұл оқытушының дикциясын өзгерту арқылы (дауыс көтеру немесе созу), көзін алайту немесе партаны тықылдату т.б. әрекеттерінен көрінеді.

Қорыта айтқанда, коммуникациядағы паратілдік амалдар баяншы не қабылдаушы арқылы беріліп тұрған ақпаратты толық мәнінде түсінуге мүмкіндік береді, қарым-қатынасқа түсушілер сөздерінің экспрессивті-эмоционалдық реңкін арттырады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Оразбаева Ф.* Тілдік қатынас. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. — 43-б.
- 2 *Қалиев Ф.* Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Жазушы, 2012. — 213-б.
- 3 *Ахманова О.С.* Параязык: Словарь лингвистических терминов. — Изд. 4-е, стереотип. — М.: КомКнига, 2007. —576 с.
- 4 *Николаева Т.М.* Паралингвистика: Лингв. энцикл. слов. / Под ред. В.Н.Ярцевой. — М.: Совет. энцикл.1990. — С. 367.

Е.Е.Түйте

### Коммуникативные функции паралингвистических средств

В осуществлении коммуникации большую роль играют невербальные средства общения. В статье рассмотрены особенности паралингвистических средств коммуникации, их виды, функции в процессе общения. Проанализированы первые исследования по паралингвистическим средствам коммуникации, а также показано становление паралингвистики как науки. На материале художественных произведений объясняются особенности употребления паралингвистических средств.

Ye.Ye.Tuyte

**Communicative functions of паралингвистических facilities**

In communication implementation play nonverbal means of communication large role. In article features of paralinguistic means of communication, their types, function in the course of communication are considered. Early studies on paralinguistic means of communication, and also formation of paralinguistics as science are analyzed. Features of the use of paralinguistic means speak material of works of art.

## References

- 1 Orazbayeva F. *Linguistic communication*, Almaty: Sozdik-Dictionary, 2005, p. 43.
- 2 Kaliyev G. *Glossary of linguistic terms*, Almaty: Zhazuschy, 2012, p. 213.
- 3 Akhmanova O.S. *Dictionary of linguistic terms*, Edit. 4 th, stereotypical, Moscow: KomKniga, 2007, 576 p.
- 4 Nikolayeva T.M. *Linguistic encyclopedic dictionary* / Edit. V.N.Yartseva, Moscow: Soviet Encyclopedia, 1990, 367 p.